

# Әлемдік деңгейдегі әдебиетші

Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді. Болашағымыздың жарқын болып, ел егемендігінің мәңгі сақталуы, ел іргесінің берік болуы осы жолда аянбай қызмет еткен аға буын өкілдерінің жемісті еңбегінің нәтежесі.

Сондай ұлы тұлғалардың бірі де, бірегейі әлем әдебиетінен орын алған туындының авторы М.Әуезов. Қазақты әлемге танытқан Абай болса, Абайдың күллі дүниеге танытқан Мұхтар Әуезов болатын.

«Әуезов – қазақ болмысы мен мінезінің ғажайып айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, қайталанбас полотносы, реалды шындығы, қеменгерлік кестесі. Өзі туған ұлтын бар артық-кемімен ішінен үңгі отырып тану, зерттеу, соны өзіне ғана, яғни, қазаққа ғана емес, жұмыр жердің ұлы төсін жайлаған кез-келген ұлтқа, әрбір жұмыр басты пендеге түсінікті ете отырып, таныту – Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы қуаты» деп Нұрлан Оразалин жоғары баға берген болатын.

Өмір бойы «Алаш» ниеттестігі алдынан шыға берген кемел ойлы, дана адам халыққа екі жолда қызмет етті. Біріншісі – жазушылық, екіншісі – ғылым жолы. Бұл екі жол да Қазақ Елі үшін аса қажет болатын. Мұхтар Омарханұлы осы мақсатына адал болды. Ойға алғандарын абыроймен атқарып, кейінгі ұрпаққа тау сілеміндей құнды мұралар қалдырып кетті.

М.Әуезовтің қаламынан туған әрбір шығарма ұлт тағдырындағы өзекті, көкейтесті мәселелерді көргендігімен ерекшеленеді. Сондықтан да, М.Әуезовтің тұтас шығармашылық жолы, сайып келгенде, әйел-ананың азаттығы үшін, қорғансыздардың жан айқайы, үстем тап өкілдерінің озбырлығымен күрес жолы іспеттес. Бұл күнде қазақ әдебиетінің інжу – маржанына айналған «Адамдық негізі – әйел», «Қорғансыздың күні», «Бәйбіше – Тоқал» «Қаракөз» атты көркем туындылары осы сөзімізге толық дәлел бола алады. М.Әуезовтің шығармашылығы тек көтерген тақырыбымен құнды емес. Оның шығармалары жоғары эстетикалық талғаммен жазылып, қазақ тілі мен әдебиетін сәлу бейнелермен, тіл оралымдарымен, сомдалған дара мінездерімен де байыта түскенін атап өту керек.

М.Әуезов шығармашылығы – ХХ ғасырдың әсемдігімен, ғажайып әсерлілігімен сиқырлы, қайталанбас ұлы құбылысына айналды. Әуезов мұраларынан алатын тағылым ұшан-теңіз. Жазушы шығармаларында өз халқының тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынып бере білген суреткер.

Гүлмира АҚШАЛОВА,  
Жаңақала ауылы, Қараторғай негізгі  
орта мектебінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі